

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 45 (9363) | 1954 жылғы 28 февраль Жексенбі | Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Жастар, жаңа жерлерді игеруге аттаныңдар!

Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті өзінің барлық сайлаушыларға арнаған үндеуінде астық шаруашылығы бүкіл ауыл шаруашылығы өндірісінің негізі болып табылатындығын айырықша атап көрсетті. Демек, біз астықты неғұрлым көп өндірсек, тек нан ғана емес, ет те, май да, мал шаруашылығының басқа өнімдері де сол-ғұрлым көп болады.

Астықты неғұрлым көп өндіру үшін егіншілік мәдениетін арттыра түсумен бірге, егіс көлемін барған сайын кеңейте беру қажет. Бұл міндетті ойдағыдай жүзеге асырудың басты шарты — тың және тыңайған жерлерді мейлінше көп игеру болып табылады.

Міне, сондықтан да партия мен үкметіміз колхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың алдына 1954—1955 жылдардың ішінде жаңадан миллиондаған гектар тың және тыңайған жерлерді игеріп, оған дәнді дақыл егу міндетін қойып отыр. Бұл — Коммунистік партия мен Совет Үкметінің еліміздің еңбекшілерінің әл-ауқат дәрежесін жақсарту беру жөнінде қорсетіп отырған қамқорлығының айқын сипаттамасы. Совет адамдары партия мен үкмет алға қойған бұл жауынгерлік міндетті жүзеге асыруға зор жігермен, асқан қанағаттанғандық сезіммен кірісті. Бұл міндетті жүзеге асыру жолындағы күресте совет адамдары халқымызға, Коммунистік партия мен Совет Үкметінің саясатына еңсіз берілгендіктерін салтанат етуде.

Мыңдаған совет адамдары тың және тыңайған жерлер игеретін аудандарға бару жөнінде тілек білдіруде. Бұған Москва қаласы мен Москва облысы комсомолецтері мен жастарының бастамасы айқын дәлел. Москваның, Украинаның, Белорусияның және басқа туысқан республикалардың комсомолецтері мен жастары тың және тыңайған жерлер игеретін аудандарға, оның ішінде біздің республикамызға да келе жатыр. Таяудағы күндер ішінде біздің облысымызға тың және тыңайған жерлерді игеруге көмекке келе жатқан комсомолецтер мен жастардың алғашқы отрядын қарсы аламыз.

Москвалық жас патриоттардың итілікті бастамасын бүкіл еліміздің жастары қызу қолдан отыр. «Москва комсомолецтерінің үндеуін шын жүректен қолдап, олардан үлгі аламыз...» — делінген тың және тыңайған жерлерді игеруге баратын ал-

МТС-те тың және тыңайған жерлерді игеру ісіне белсене қатысуға ұйғардым.

Мен бұған дейін заводта слесарь болып істедім. Бұл участкада де еңбек өнімділігін арттырып, сменалық тапсырмады мінсіз орындап отырдым. Тың жерлерді игерудің оңай болмайтынын жақсы білемін. Алғашқы уақытта кездесетін қиыншылықтар аз болмайды. Бірақ, одан тайсалудың болмайды. Бар жігеріміз бен ынтамызды салып, қиындықтың қандайын болсын жеңіп шығамыз.

Бұл — облысымыздың барлық комсомолецтері мен жастарының үні. Бұл итілікті бастамаға әлі де жүздеген, мыңдаған комсомолецтердің үн қосып, тың және тыңайған жерлерді игеру күресіне белсене қатынасатындығы күмәнсіз.

Рас, тың және тыңайған жерлерді игеру жұмысында қиыншылықтардың да кездесетіндігі сөзсіз. Бірақ, совет жастары қиыншылықтан тайсалмайды. Коммунистік партия тәрбиелеген комсомолецтер қиыншылықтың қандайын болса да жеңіп келеді және жеңеді де.

Тың және тыңайған жерлерді игеруде біздің облысымыздың колхоз, совхоздары мен МТС-терінің алдына зор міндет қойылып отыр. Облысымыздың колхоздары мен совхоздары 1954—1955 жылдары 700 мың гектар тың және тыңайған жер игеруге тиіс. Оның ішінде колхоздар бұл уақыт ішінде 350 мың гектар тың және тыңайған жер игеріп, мұның 75 мың гектарына бийлығыз жылдың өзінде жаздық бидай егуі керек. Ал, облыс колхоздары бийлығыз жылдың өзінде жаңадан игерілген 83 мың гектар тың және тыңайған жерге жаздық бидай егуге міндеттеніп отыр. Бұл — аса зор және күрделі жұмыс. Облыс ауыл шаруашылығы алдында тұрған бұл міндеттерді орындау мүддесі көп күш-жігер жұмсауды керек етеді.

Туысқан мемлекетіміз тың және тыңайған жерлерді игеруге қажетті техниканы — тракторларды және басқа күрделі ауылшаруашылық машиналарын көптеп беруде. Ол машиналардың өнімді жұмыс істеуі үшін іскер механизатор кадрлары керек. Комсомол ұйымдары бұл жөнінде партия, совет және ауылшаруашылық органдарына күрделі көмек көрсете алады. Жоғарыда атап көрсетілгендей, еліміздің мыңдаған комсомолецтері мен жастарының өздері ауыл шаруашылығында

Депутаттыққа кандидаттардың сайлаушылармен

кездесуі

В. В. ГУБИН жолдас сайлаушылармен кездесті

ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат Владимир Владимирович Губин бұрнағы күні Соколов ауданының орталығында сайлаушылармен кездесті.

Жыйналыста жұрт сенген өкіл Михайлова жолдас бірінші болып сөз сөйлеп, сайлаушыларды В. В. Губин жолдасын өмірбаянымен таныстырды, оған бірауыздан дауыс беруге шақырды.

Мұнан кейін Пушкин атындағы колхоздың председатели сөз алып, былай деді:

— ССРО Орталық Комитеті өзінің үндеуінде еңбекшілерді еліміздің алдында тұрған міндеттерді шешу күресіне белсене қатысуға шақырды. Біз, село еңбекшілері, өзіміздің барлық күшімізді қоғамдық шаруашылықты оған әрі нығайта беру мақсатына жұмсаймыз.

Оқытушы Личман жолдас сөйледі. Ол аудан оқытушыларының мектептерде оқу-тәрбие жұмысын жақсартып, коммунизмнің жас ұрпақтарын советтік Отанға шексіз берілгендік рухта тәрбиелей беретінін хабарлады. Совет оқытушылары коммунистер мен партияда жоқтар блогына асқан ықласпен дауыс береді.

Мінбеге жас сайлаушы Бухонина.

— Мен, — деді ол, — дауысымды халықтың адал ұлы В. В. Губин жолдасқа беру арқылы Коммунистік партия мен Совет Үкметіне дауыс беремін. Бұл — мен үшін зор бақыт.

Соколов МТС-нің директоры Быков жолдас сөз алды.

— Ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету күресінде МТС шешуші роль атқаратынын механизаторлар жақсы біледі, — деді ол. — Біздің МТС маман кадрлармен толықтырылып, жаңа техниканы көптеп алуға. МТС механизаторлары отандық қуатты техниканың күшін сарқа пайдаланады.

Станцияның коллективі сайлау күрметіндегі социалистік жарысқа ұштасып, 14 мартқа дейін жөндеуден өткізілуге тиіс трактордың 85 процентін және барлық ауылшаруашылық саймандарын толық жөндеуден өткізуге, мал қыстатуды, көктемгі егіске әзірлікті жүргізуде колхоздарға көмекті күшейтуге нақтылы мін-

СОКП Орталық Комитетінің қаулысы

Халықаралық әйелдер күні 8 март туралы

Халықаралық әйелдер күні 8 мартты совет халқы бийлығы жылы ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы қарсаңында, қуатты саяси және еңбек өрлеуі, Отанымызды оған әрі көрейте беру жолындағы бүкілхалықтық күрес жағдайында, Совет Одағының халықаралық шиеленісті бәсеңдету және жаңа соғысты болдырмау жолындағы, барлық халықтар арасындағы бейбітшілік жолындағы белсенді күресі жағдайында атап өтеді.

Совет Одағының еңбекшілері Коммунистік партияның басшылығымен коммунистік құрылыстың аса зор программасын ойдағыдай орындауда. Социалистік индустрияны өркендетуде қол жеткен табыстарға сүйеніп және оны ілгері бағытыра отырып, совет халқы ауыл шаруашылығының барлық салаларын және халық тұтынатын заттар өндірісін шұғыл өркендетуге, барлық совет адамдарының материалдық әл-ауқаты мен мәдени-тұрмыс дәрежесін арттыруға бағытталған партия мен үкметтің шараларын жанқиярлық, творчестволық еңбекпен жүзеге асыруда.

Совет мемлекетінің қуаттылығын нығайтудың ортақ ісіне, коммунизм жолындағы күрес ісіне совет әйелдері орасан зор үлес қосып келеді. Миллиондаған совет әйелдері коммунистік құрылысқа белсене қатысып, сарқылмас мол жігерін, творчестволық инициативасын, ұйымдастыру қабілеті мен талантын көрсетуде. Коммунистік партия совет әйелдерін саяси жағынан тәрбиелеп, мәдени жағынан өсіруге, олардың елді басқару ісіне, шаруашылық және мәдениет құрылысына ер-налылықпен және белсене қатысуы үшін қажетті жағдайлар тудыруға тынбастан қамқорлық жасай отырып, оларды қоғамдық, саяси жұмыстың кең жолына түсірді.

Совет әйелдері мемлекет басқару ісіне белсене қатысуда, олардың ішінде жүздеген мың әйелдер өздерінің қабілеті мемлекет қайраткерлері екенін көрсетті. ССРО Жоғарғы Советінің депутаттары ішінде 280 әйел бар, 2209 әйел одақтас және автономиялық республикалардың Жоғарғы Советтерінің депутаттары болып табылады, жарты миллионнан аса әйелдер — жергілікті Советтердің депутаттары, совет халқының таңдаулы қыздары алдағы сайлауға ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат болып ұсынылды.

Коммунистік партия тәрбиелеген совет әйелдері өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын, ғылым мен мәдениетті өркендету жолындағы күресте Отанның лайықты патриоттары екенін көрсетті. Социалистік өнеркәсіпте әйелдердің ролі орасан зор. Заводтар мен фабрикаларда, транспортта әйелдер озат техниканы ойдағыдай меңгеріп, еңбек өнімділігін арттыруға және мінсіз сапалы өнім шығаруға ұмтылып, кәсіпорындардың резервтері мен мүмкіндіктерін толық пайдалану үшін күресіп келеді; көптеген әйелдер өндірістегі жұмыстың жаңа әдістерінің инициаторлары болуда.

Колхоз құрылысы шаруа әйелдердің көп миллиондаған бұқарасын творчестволық еңбекке жігерлендірді. Біздің даңқты колхозшы әйелдеріміз, МТС-тер мен совхоздардың жұмысшы әйелдері егіннен мол және тұрақты өнім алу, қоғамдық мал санын барынша көбейтіп, өнімділігін арттыру жолындағы социалистік жарыстың алдыңғы қатарларында келеді. Ондаған мың колхозшы әйелдер-колхоздардың председателдері, егіс бригадаларының бригадирлері, мал фермаларының меңгерушілері болып жоғарылатылды. Сан мыңдаған әйелдер механизаторлық мамандықтарды ойдағыдай меңгеріп, тракторлар мен комбайндарды жүргізуде, күрделі ауылшаруашылық машиналарында жұмыс істеуде.

Социалистік халық шаруашылығының, ғылым мен мәдениеттің барлық салаларында, мемлекеттік аппаратта ерлермен қатар маман әйелдердің көптеген армиясы жемісті еңбек етіп келеді. Совет әйелдері ғылым мен искусствода көрнекті орын алып отыр. Еліміздің ғылыми, оқу және мәдени-ағарту мекемелерінде 2 миллион 700 мыңнан аса әйелдер жұмыс істеуде. Әйелдерден шыққан ғылыми қызметкерлер

сайын күшті шабуыл жасалып, әйелдердің праволарын қорғайтын демократиялық ұйымдарға қарсы барған сайын көптеген қысым шаралары қолданылуда.

Капитализм елдеріндегі әйелдердің ендігі жерде мұндай жағдайға төзгісі келмейді, өз балаларының өмірі үшін, өз семьяларының бақыты үшін үнемі үрейленіп отырғысы келмейді. Әйелдер тұрмыстың барлық салаларында еркектермен бірдей праволар алу үшін барған сайын белсене күресіп, мемлекеттің ананы қорғауын, әйелдерге нәсіліне, ұлтына, тіліне, дініне қарамастан саяси және азаматтық праволар беруін, білім алу правосын, демократиялық әйелдер ұйымдарын құру правосын беруін талап етуде.

Бүкіл дүние жүзінің әйелдері халықаралық шиеленісті бәсеңдетуді, талас мәселелерді бейбітшілікпен реттеуді, халықтар арасында ынтымақты жүзеге асыруды, атом, су тегі қаруын және адамдарды жаппай қырып жоятын қарудың басқа да түрлерін пайдаланудан бас тартуды талап етуде.

Дүниежүзілік екінші соғыста миллиондаған әйелдер ең жақын адамдарынан — ерлерінен, ұлдарынан, бауырларынан айрылды. Барлық елдердің әйелдері балалардың өмірі үшін, азаматтың болашағы үшін бірігіп, бейбітшілікті қорғау жолында, жаңа соғысқа қарсы ұн көтеруде, 66 елдің 140 миллион әйелдерін біріктіріп отырған әйелдердің Халықаралық демократиялық федерациясы әйелдердің демократиялық қозғалысындағы зор күш болып табылады.

Совет әйелдері халықаралық әйелдер қозғалысының авангардында келеді. Бейбітшілік пен демократия ісінің жеңісі үшін совет әйелдері халықтық демократия елдерінің әйелдерімен, капиталистік елдер мен отарлардың еңбекші әйелдерімен интернационалдық достық байланыстарды өркендетуде. Бүкіл дүние жүзінің әйелдері совет әйелдерін бейбітшілік жолындағы, өздерінің өмірлік мүдделері, армандары мен талаптары жолындағы белсенді күресте өздерінің сенімді достары деп білуде.

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті совет әйелдерін Халықаралық әйелдер күні 8 мартпен қызу құттықтайды.

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті совет елдің әйелдері — жұмысшы әйелдер мен колхозшы әйелдер, ғылым мен мәдениет қайраткерлері, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының мамандары, сауда қызметкерлері, совет қызметшілері өздерінің белсенді, творчестволық еңбегімен Отанымыздың даңқы мен байлығын, оның күші мен қуаттылығын бұдан былай да арттыра береді, елімізде коммунизм орнату жолындағы күрескерлердің алдыңғы қатарларында болады деп, берік сенім білдіреді.

Коммунистік партияның Орталық Комитеті барлық әйелдерге — өнеркәсіптің, құрылыстың, транспорттың, ауыл шаруашылығының еңбекші әйелдеріне арнаулы сөзін айтып, ССРО-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспарын орындау және асыра орындау жолындағы, социалистік шаруашылықтың барлық мүмкіндіктері мен резервтерін толық пайдалану жолындағы социалистік жарыста үсті-үстіне жаңа табыстарға жетуді қажырлықпен қамтамасыз етуге шақырады.

СОКП Орталық Комитеті жұмысшы әйелдерді, инженерлерді, техниктерді және мастерлерді еңбек өнімділігін арттыру үшін, бұйымдардың өзіндік қунын кемітіп, сапасыз жақсарту үшін, өндіріс алаңының әрбір метрінен өнімді көп алу, жабдықтарды неғұрлым тиімді пайдалану үшін бұрынғыдан анағұрлым қажырлы күрес жүргізуге, өндіріс озаттары мен жанапшылардың тәжірибесін, ғылым мен техниканың табыстарын зерттеп, кеңінен қолдануға шақырады. СОКП Орталық Комитеті жеңіл және тамақ өнеркәсібінде жұмыс істейтін әйелдер бүкілхалықтық міндетті — халық тұтынатын товарлар өндірісін мықтап өркендету міндетін

маты қаласы комсомолдері мен жастарының жыйналысына қатысушылардың республикамыздың барлық комсомолдеріне, комсомолдары мен жастарына арнаған үндеуінде. —Қымбатты достар, Қазақстанның жігіттері мен қыздары! Тың және тыңайған жерлерді игеруге жүріп бара жатып, туысқан Коммунистік партияға аруақыттағыдай Ленин комсомолының туын жоғары ұстауға ант береміз. Жас патриоттардың көптеген отрядтарының комсомолдың жолдамасы бойынша бізбен бірге сапарға шығатындығына біз күмәнданбаймыз.

Отан, Коммунистік партия талап еткен жерде еңбек ету — Ленин комсомолының ежелгі даңқты дәстүрі. Сондықтан да бүгін еліміздегі сыяқты, біздің республикамыздың, оның ішінде біздің Солтүстік Қазақстан облысының комсомолдері мен жастары москвалықтардың игілікті бастамасына іспен жауап беруде. Петропавл қалалық комсомол комитетіне қаланың өнеркәсіп орындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген жүрген комсомолдер мен жастардан күн сайын көптеп арыздар түседі. Олар өздерінің арыздарында тың және тыңайған жерлерді көтеру жұмысына белсене қатынасу үшін колхоздарға, совхоздар мен МТС-терге жіберуді өтінеді.

Жаңа жерлерді игеруге қатынасу үшін МТС-ке жұмысқа жіберуді өтінген, қаладағы Киров атындағы заводтың жас слесарі Е. Симонов былай деп мәлімдеді:

—Еліміздің мыңдаған комсомолдері мен жастары сыяқты мен де партиямыздың шақыруына үн қосып, тракторшылар даярлайтын курсқа баруға, одан кейін

жұмыс істеуге баруға тілек білдіріп отыр. Облысымыздың көптеген комсомолдері мен жастары да тың және тыңайған жерлерді игеруге баруға тілек білдірді. Облыстық, қалалық, аудандық комсомол комитеттері мен бастауыш комсомол ұйымдарының міндеті — комсомолдер мен жастардың бұл игілікті бастамаларына қолдап, олардың өтініштерінің толық қанағаттандырылуын қамтамасыз ету.

Қаладан және аудан орталықтарына колхоз, совхоздар мен МТС-терге тың және тыңайған жерлерді игеру жұмысына қатынасуға тілек білдірген көптеген комсомолдер мен жастар барады. Сол сыяқты, Москвадан, Украина мен Белоруссиядан социалистік ауыл шаруашылығын өркендетуде бізге туысқандық көмек көрсетуге көптеген комсомолдер мен жастар келе жатыр. Жергілікті партия, совет, комсомол және ауылшаруашылық органдары оларды ұйымшылдықпен қарсы алып, олардың жаңа жерде дұрыс орналасуын қамтамасыз етуге міндетті. Жас мамандарды алда тұрған жұмыспен алдын-ала таныстырып, оларға машиналар мен тіркеу саймандарын кәзірден бастап бекітіп беру керек.

Тың және тыңайған жерлерден мол өнім алу үшін оны көктемде ерте жырту қажет. Сондықтан көктемде тың және тыңайған жерлерді жыртуға әзірлік күні бұрын ұқыпты аяқталуға тиіс.

Тың және тыңайған жерлерді игеретін колхоздар мен совхоздарда комсомолдер мен жастарды Отан игілігі жолындағы зор қажырлы жұмыс, творчестволық еңбек күшін түр.

Комсомолдер мен жастар! Тың және тыңайған жерлерді игеруге аттаныңдар!

Қырым облысын РСФСР құрамынан УССР құрамына беру туралы ССРО Жоғарғы Советі Президиумының указы

Қырым облысы мен Украин ССР экономикасының ортақтығын, территориясының жақындығын және олардың шаруашылық, мәдениет жағынан тығыз байланыстылығын еске алып, Советтік Социалистік Республикалар Одағының Жоғарғы Советінің Президиумы қаулы етеді:

Қырым облысын Россия Советтік Федерациялық Социалистік Республикасының құрамынан Украин Советтік Социалистік Республикасының құрамына беру туралы РСФСР Жоғарғы Советінің Президиумы мен УССР Жоғарғы Советі Президиумының бірлесіп жасаған ұсынысы бекітілсін.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **К. ВОРОШИЛОВ.**

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары **Н. ПЕГОВ.**

Москва, Кремль
19 февраль, 1954 жыл.

ЖАҢА 90 АСТЫҚ СОВХОЗЫ

Бидай өндіруді ұлғайту үшін 1954—1955 жылдары Қазақстанның совхоздары екі миллион 290 мың гектар тың және тыңайған жерлерді игеруі керек. ҚазТАГ-тың тілшісімен әңгімелескенде Қазақ ССР Совхоздар министрі М. Влащенко мынаны хабарлады:

—Республика совхоздары быйылғы көктемде 105 мың гектар тың және тыңайған жерге егін егеді. Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Қостанай, Павлодар облыстарындағы игерілетін жерлерде жаңадан 90 ірі астық совхозы ұйымдастырылуда. Бұл шаруашылықтарға арналып кәзірдің өзінде

1.600 мың гектардан аса жер іріктел алынды. Жаңа совхоздар ауыл шаруашылығының қуатты техникасымен қаруландырылуда.

Әрбір совхозда мұнай базасы жасалады. Шаруашылықтар жүк автомобильдерін, жылжымалы жөндеу мастерскойларын алуда.

Жаңа совхоздарға кәзірдің өзінде құрастырмалы екі мың үй, оның ішінде сегіз пәтерлі 90 үй бөлінді.

Механизатор кадрлар даярлау басталды.

Жыйналысқа қатысушылар қарт сайлаушы Бодров жолдасын сөзін зейін қол тигізеді. —Бұрын, —деді ол, —патша өкметінің тұсында, елдің қалың бұқарасы өкмет билігіне қатыса алмады. Елдің байлығын аттөбелінде қанаушы тап қана пайдаланды. Кәзір мүлдем басқа жағдай. Еркін өмір, бақытты тұрмыс. Міне, сондықтан да халқымыздың қалаулыларына бірауыздан дауыс береміз.

Жыйналыста депутаттыққа кандидат В. В. Губин жолдас сөз сөйледі. Ол сайлаушыларға білдірген сенім үшін алғыс айтумен бірге, өзінің барлық күшін халық үшін қызмет етуге жұмсайтынын мәлімдеді. Мұнан кейін Губин жолдас республиканың және ауданның алдында тұрған міндеттерге тоқталды.

Ж. Қ. ҚИЗАТОВ жолдас сайлаушылар арасында

БУЛАЕВО. (Телефон арқылы алынды). Теміржолшылардың әсемдеп безендірілген үлкен клубына ССРО Жоғарғы Советі Ұлттар Советінің депутаттығына кандидат Жәлел Қизатұлы Қизатов жолдасымен кездесу үшін Батыс, Шығыс, Солтүстік, Успенко және Медвеженск сайлау участоктерінің еңбекшілері жыйналды.

Жұрт сенген өкілдер Свиридин, Кувшинов жолдасар депутаттыққа кандидат, Совет Одағының Батыры Ж. Қ. Қизатов жолдасын Отан үшін, халық үшін сіңірген еңбектеріне толық тоқталды. Мұнан кейін олар сайлаушыларды коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаты Ж. Қ. Қизатов жолдасқа дауыс беруге шақырды.

Мінбеле—Булаев МТС-нің озат комбайшысы Илющенко жолдас.

—ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы, —деді ол, —еліміздің өміріндегі зор саяси оқиға. Совет адамдары сайлау дүниесі өндірістік жаңа табыстармен желгелі отыр. МТС коллективі сайлау құрметіндегі социалистік жарыста қабылдаған міндеттемелерін аброймен орындауда. Мен Қизатов жолдасын кандидатурасын шын жүректен қуаттаймын. МТС коллективі коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттарына бірауыздан дауыс береді.

Булаев станциясының коллективі атынан Ковалев жолдас сөз сөйледі.

—Біз Қизатов жолдасын, —деді ол, — жақсы білеміз. Ол ССРО Жоғарғы Советінің (үшінші шақырылуы) депутаттығына сайланып, халық сенімін аброймен ақтады. Қизатов жолдас еңбекшілердің дабылына мұқият құлақ асады. Оның инициативасы бойынша жұмысшы пәтерлері көркейді. Кәзір станцияның теміржолшылары бірінші тоқсанның тасымал жоспарын 14 мартқа дейін толық орындау үшін қажырлы еңбек етуде. Станция коллективі сайлау күніне өндірістік жаңа табыстармен келіп, халықтық блоктің салтанат етуіне жетіседі.

Қизатов жолдас сайлаушыларға білдірген сенімдері үшін алғыс айтып, өзінің барлық күшін халық тілегін орындау жолына жұмсайтынын мәлімдеді.

инженерлер мен техниктер, агрономдар мен зоотехниктер өздерінің зерттеулерімен, өнер табыстарымен және жаңалықтарымен совет ғылымын байытуда. Әйелдерден шыққан жазушылар, суретшілер, театр мен кинематография қайраткерлері совет искусствосын өркендетуге елеулі үлес қосуда.

Миллионнан аса мұғалима әйелдер жас ұрпақты жалынды советтік патриотизм және халықтар арасындағы достық рухына, коммунизм орнату ісіне берілгендік рухында тәрбиелеп, оқытуға өз күштерін жұмсап отыр. Екі миллионнан аса әйелдер денсаулық сақтау және физкультура мекемелерінде жұмыс істеп, еңбекшілердің денсаулығын сақтауда игілікті роль атқарып келеді.

Совет әйелдерінің ғылым мен мәдениетті меңгеруіне барлық мүмкіндіктер жасалып отыр. Бір миллион 300 мыңнан аса әйелдер жоғары және арнаулы орта оқу орындарында оқып, білім алуда.

Совет мемлекеті патриот әйелдердің жанқиярлық, творчестволық еңбегін жоғары бағалайды. Отан алдындағы аса үздік еңбектері үшін 2346 әйелге Совет Одағының Батыры және Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Ғылым, өнертабыс, әдебиет және искусство саласындағы аса үздік еңбектері үшін 741 әйел Сталиндік сыйлық алды. 900 мыңға жуық әйелдер — ғылым мен мәдениет қайраткерлері, өнеркәсіп өндірісінің озаттары мен жаңашылары, таңдаулы тракторшылар, егіншілер, мақташылар, қызылшашылар, малшылар — ССРО ордендерімен және медальдарымен наградталды.

Совет елінде ана-әйел зор құрметке бөленіп, ол маңызды және құрметті міндетті — коммунизмнің болашақтағы құрылысшылары — балаларды тәрбиелеу міндетін атқарып отыр. ССРО-да аналар мен балаларды қорғауды, әйелдердің еңбегін қорғауды қамтамасыз ететін дүние жүзіндегі ең озат заң қолданылуда. 41 мың көп балалы аналарға «Ардақты ана» деген жоғары атақ берілді. 4 миллионнан аса әйелдер «Ана даңқы» ордендерімен және «Ана медалімен» наградталды. Совет мемлекеті көп балалы және жеке басты аналарға үнемі қамқорлық жасап, оларға материалдық көмек көрсетіп келеді. 1953 жылдың өзінде ғана осы мақсатқа 6,5 миллиард сомнан аса қаржы жұмсады. Совет мемлекеті ана-әйелге тынбастан қамқорлық жасап, оның өндірістік және қоғамдық тұрмысқа белсене қатысуына мүмкіндік тудырып, балаларды тәрбиелеуіне көмектесіп келеді. Мектептер, балалар бақшалары мен ясилиерін, пионер лагерлерін мен балалар санаторийлерін салуға жылма-жыл көп қаржы жұмсалуда.

Социализмнің жеңісі ғана әйелдерді бұғаудан толық босатуды қамтамасыз етіп, тұрмыстың барлық салаларында өздерін көрсетуіне, өз қабілеттері мен таланттарын ашуына мүмкіндік беретінін бүкіл дүние жүзіндегі әйелдері Совет Одағының тәжірибесінен айқын көруде. Совет әйелдерінен өнеге ала отырып, Қытай Халық Республикасының, Польшаның, Чехословакияның, Венгрияның, Румынияның, Болгарияның, Албанияның, Корея Халық-Демократиялық Республикасының, Монғол Халық Республикасының, Герман Демократиялық Республикасының әйелдері жаңа тұрмыс орнатуға белсене қатысуда. Халықтық демократия елдерінің әйелдері 8 март күнін социализм құрылысындағы, халықтың әл-ауқатын арттырып, мәдениетті өркендетудегі жаңа табыстармен атап өтеді.

Капиталистік елдердің еңбекші әйелдері халықаралық әйелдер күні 8 мартты күшейе түскен қанаушылық және еңбекшілердің тұрмыс дәрежесінің төмендеуі жағдайында қарсы алғалы отыр. Жанталаса қарулану, тамақ өнімдері мен көпшілік тұтынытын заттар бағасының артуы, салықтардың көбейіп, жұмыссыздықтың артуы әйелдерге зор ауырталық түсіруде. Олардың семьялары қайыршылыққа, аштыққа, ауруға барған сайын жиі ұшырауда.

Капиталистік елдердегі еңбекші әйелдер еректермен тең правосыздық жағдайда әлі де қалып отыр. Дүние жүзіндегі көптеген елдерінде әйелдердің мемлекеттік өкмет орындарына сайлау және сайлану праволары жоқ. Әйелдер басқаның бәрінен бұрын жұмыстан айырылады, ал, өздерінің тең еңбегіне еректердің жалақысынан анағұрлым төмен жалақы алады. Еңбекшілердің демократиялық праволарына барған

ды деп, товарлардың жоғары сапалы және алуан түрлі ассортименті болуы үшін творчестволық инициатива және тапқырлық көрсетеді деп сенеді.

СОКП Орталық Комитеті колхозшы әйелдерді, МТС-тер мен совхоздардың жұмысшы әйелдерін, ауыл шаруашылығының мамандарын мал шаруашылығын өркендетудегі, картоп пен овош өндірудегі артта қалушылықты тез жою үшін, астық өндірісін және ауыл шаруашылығының барлық басқа салаларын оған әрі өркендету үшін күресуге, дөңді дақылдардың, овоштың, техникалық дақылдардың шығымдылығын және мал шаруашылығының өнімділігін арттыру жөніндегі ғылым мен озат тәжірибенің табыстарын колхоз бен совхоз өндірісіне кеңінен енгізуге, колхоздардың қоғамдық шаруашылығын өсіру үшін, МТС-тер мен совхоздардың жұмысын жақсарту, елімізде халыққа керекті азық-түлік, жеңіл өнеркәсіпке керекті шикізат молшылығын жасау үшін қажырлылықпен күресуге шақырады.

СОКП Орталық Комитеті мәдениет қызметіндегі әйелдерді совет ғылымын, әдебиет пен искусствоны, халық ағарту және денсаулық сақтау ісін оған әрі өркендетуге, қызметші әйелдерді — мемлекеттік аппараттың жұмысын барынша жақсартуға өздерінің творчестволық күші мен қабілетін жұмсауға шақырады.

Біздің коммунизмге қарай алға басу жолымызда қиыншылықтар аз емес, бізде артта қалушы, жоспарларын орындамайтын кәсіпорындары мен өнеркәсіптің жеке салалары әлі де бар, артта қалушы колхоздар, МТС-тер мен совхоздар әлі де көп. СОКП Орталық Комитеті біздің жұмысымыздағы осы қиыншылықтар мен кемшіліктерді жөндеу совет әйелдері өздерінің күші мен жігерін жұмсайды деп сенім білдіреді.

Еліміздегі коммунистік құрылыстың шұғыл міндеттері партия ұйымдарынан өнеркәсіптегі, транспорттағы, құрылыстағы, ауыл шаруашылығындағы еңбекке әйелдерді оған әрі көп қатыстыруды, әйелдер арасындағы бұқаралық-саяси және мәдени-ағарту жұмысын күшейтуді, әйелдердің өндірістік мамандығы мен мәдени-техникалық дәрежесін арттыруға тынбастан қамқорлық жасауды, басын партия, совет, шаруашылық; кәсіподақ, комсомол жұмысына әйелдерді батыл жоғарылатуды талап етеді.

СОКП Орталық Комитеті партия, совет, шаруашылық, кәсіподақ және комсомол ұйымдарына әйелдердің еңбегі мен тұрмыс жағдайларын жақсартуға қамқорлықты күшейтуді, ана-әйелдерге айырықша көңіл бөліп, олардың балаларды тәрбиелеуіне көмектесіп отыруды тапсырады. Әйелдердің еңбегін қорғау туралы совет заңдарының және әйелдер мен балаларға қамқорлықты күшейту жөніндегі мемлекеттік шаралардың бұлжымай сақталуына күнбе-күн бақылау қойып, мектептердің, балалар бақшаларының, ясилиерінің, пионер лагерлерінің, қоғамдық асханалардың, кір жуатын орындардың, тігін мастерскойларының және халықтың тұрмыс қажеттерін өтеуге міндетті басқа кәсіпорындардың жұмысшы жақсарту қажет. Мектептер, балалар бақшалары, ясилиер, емдеу және тұрмыс мекемелерін салу жоспарларының орындалуын бақылауды күшейту қажет.

Балаларды тәрбиелеу ісінде әйелдердің ерекше роль атқаратынын еске алып, СОКП Орталық Комитеті еңбек сүйгіш, ержүрек, қиыншылықтың қандайын болса да жеңе алатын, өзінің халқы мен советтік Отанына жан-тәнімен берілген жас ұрпақты тәрбиелеуге совет әйелдері барлық күшін жұмсайды деп сенеді.

Совет Одағының әйелдері, барлық халықтар арасында бейбітшілік орнату жолындағы, жаңа соғысты болдырмау жолындағы күрестің авангардында бұдан былай да болуға тиіс, барлық елдердің еңбекші әйелдерімен интернационалдық байланыстарын нығайта беруге тиіс.

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті халықаралық әйелдер күні 8 мартта совет әйелдерін құттықтап, коммунизмге қарай сеніммен алға басып келе жатқан совет халқының игілігі мен бақыты үшін халық шаруашылығының, ғылым мен мәдениеттің барлық салаларында әйелдердің еңбекте жаңа табыстарға жетуін шын жүректен тілейді.

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті.

Тың және тыңайған жерлерді игеру—бүкілхалықтық іс

Тың және тыңайған жерлерді егіндікке пайдаланайық!

Мол өнім алу жолындағы күрес

Коммунистік партия мен Совет Үкметі бүкіл ауылшаруашылық өндірісінің негізі болып табылатын астық шаруашылығын барынша өркендету, әсіресе, неғұрлым бағалы азық-түліктің дақыл — бидайдың шығымдылығын одан әрі арттырудың үлкен программасын жасап берді. Бұл программаны жүзеге асыру жолындағы күресте біздің бөлімшенің коллективі кейбір табыстарға ие болып келеді. Өткен жылдың күзінде 1954 жылдың егісі үшін 5500 гектар, оның ішінде 1200 гектар тың жер жыртық.

Біз бығыл тракторлар мен тіркеу саймандарын жөндеуді ерте бастан қолға алып, оны кәзіргі ең прогрессивтік әдіс — торантық әдіс бойынша жүргіздік.

Осылардың нәтижесінде кәзір бөлімшедегі жөндеуге тиісті 13 трактордың 12-сі, сондай-ақ 22 плуг, 32 сеялка, 5 культиватор, 7 лущильник, 280 тырма және 9 трактор тіркеуші сапалы жөндеді болды. Жөндеушілердің өзара социалистік жарысында алда келе жатқан ұста П. Марченко күндік тапсырмасын үнемі 150 процент, слесарьлар А. Қосшығұлов, К. Таев, Максимов жолдастар 120—130 процент орындан жүр.

Механизаторлар еңбек өнімділігін бұрынғыдан да арттыра түсіп, ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы күніне дейін тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын ғана емес, сонымен бірге, вагон-үйлерді, арбаларды, тұқым тасыйтын жәшіктерді және басқа құрал-саймандарды да жөндеуді толық аяқтауға барлық күшті жұмылдыруда.

Бөлімшеде қар тортату, жергілікті тыңайтқыштарды жыйнау жұмыстары да ерте қолға алынып, басқа жұмыстармен қат-қабат жүргізіліп отыр. Бізде қар тортату негізінен трактор күшімен жүргізіледі. Бұл жұмыста жүрген тракторшы Григорчук және Марченко жолдастар «С—80» тракторымен күніне 140 гектар жердің қарын жыртып, танырмаларын үнемі асыра орындайды.

СОКП Орталық Комитеті барлық сайлаушыларға арнаған үндеуінде бүкіл совет халқын ССРО Жоғарғы Советінің сайлауына өндірістік жаңа табыстармен баруға, сөйтіп, сайлау күні коммунистер мен партияда жоқтар блогі ұсынған кандидаттарға бірауыздан дауыс беруге шақырды. Біздің бөлімшенің сайлаушылары өздерінің ұлы қамқоршысы, бейбіт еңбектің аса қырағы сақшысы — СОКП Орталық Комитетінің бұл шақыруына іспен жауап беруді өздерінің ең ардақты борышы деп санайды.

И. СИМОНЕНКО,
Совет астық совхозы № 4 бөлімшесінің меңгерушісі.



Тың және тыңайған жерлерді жыртуға аттанған Москва және Мәскеу облысы комсомолдерінің шақыруына жауап ретінде Петропавлдың жастары да өздерін тыңайған жерлерді игеру үшін ауыл-селолық жерлерге жіберуді сұрап, тілек білдіруде.

СҮРЕТТЕ: Киров атындағы заводтың тыңайған жерлерді игеруге баруға тілек білдірген слесарьлары: (солдан оңға қарай) Александр Урюкин, Евгений Симонов, Хамит Яушев және Ильдос Хабибуллин.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Трактор отрядтары мен бригадаларын ұйымдастыру туралы

Кәзіргі уақытта облыс еңбекшілерінің алдында орасан зор міндет тұр. Ол — 700 мың гектар тың және тыңайған жерді игеру міндеті. Бұл міндетті орындауда партия мен үкметіміз облыс МТС-терінде нақтылы көмек көрсетуде.

Үстіміздегі жылдың тың және тыңайған жерлерді жұмыстау үшін облысымыздың МТС-терінде құрамында 261 бригада бар. Бригадаларға тракторлар, тіркеу саймандары, күш-көліктер, механизатор кадрлары, бригадаларды қамтыйтын басқа да жұмыс адамдары жыл бойына бекітіліп беріледі.

Тың жерлерді жыртыатын трактор бригадалары трактор отрядтарының құрамына енеді және отряд басшыларының басшылығымен жұмыс істейді. Жұмыс кезеңі аз бригадалар ғана жұмысын тікелей МТС басшыларының нұсқауы бойынша істейтін болады.

Жаңа жерлерді игеретін бригадалар белгілі бір колхоздың егістік участоктеріне жыл бойына бекітіледі және жердің белгіленген мерзімде, агротехникалық ережелерге сай жұмысталуына жауап береді.

БРИГАДАНЫҢ ҚҰРАМЫ

Трактор бригадасының құрамына үш-

қарсы бір комплекті құрал-саймандар және ұста құрал-саймандары болады.

Бригада жұмыстайтын егіндік участоктердің орталығына орналасуға тиіс. Бұл жерде машиналар мен тіркеу саймандарын қоятын орам және жанар, жағар май сақтайтын орын болады.

ОТРЯДТЫҢ ҚҰРАМЫ

Трактор отряды үш немесе бес трактор бригадаларынан ұйымдастырылады. Отрядтың жұмысын басқаратын отряд бастығы — агроном және отряд механигі — инженер болуға тиіс. Бұдан басқа шаруашылық жұмыстардың меңгерушісі, есепші, жылжымалы мастерскойда жұмыс істейтін үш адам, автомашиналардың санына қарай шоферлары, бұлардан басқа бір ас пісіруші мен оның көмекшісі болады.

Отрядқа бір немесе екі жылжымалы жөндеу мастерскойы, бортты бір автомашина, жанар май тасыйтын автомашина, қажетінше «ЗИС—150» автомашинасы, су құятын үш дистерна, жеңіл автомобиль немесе мотоцикл, жегу өзбелдерімен бір ат, бригадаламен байланыс жасайтын радиостанция беріледі.

Отряд бастығы, механигі және есепшісі бригадалардағы жұмыстың өнімді, сапалы болуын, жер жұмыстауда прогрессивтік әдістердің жұмыс жасауына жауап береді.

Астық өнімін арттырудың негізгі жолы

Партия мен үкметіміз тың және тыңайған жерлерді егістікке пайдалану арқылы астық өнімін еселеп арттыру міндетін қойып отыр. Біздің МТС-тің қамтуындағы колхоздарда 20 мың гектардан астам тың жер егістікке пайдаланылмай келеді. Мұның ақыры егін шығымдылығының аз болуына, мемлекетке астықтың едәуір кем берілуіне әкеліп соғып жүр.

Үстіміздегі жылдың өзінде біз колхоздарда 14 мың гектар тың және тыңайған жерлерді игеруді жоспарлап отырмыз. Бұл егіннің әрбір гектарынан кем дегенде 15 центнерден өнім жыйнағанда қосымша 210 мың центнер астық алынады.

Кәзіргі уақытта жергілікті партия, совет ұйымдары мен колхоз басшылары және МТС мамандары бұл жерлерді игерудің нақтылы шараларын белгілеуде. МТС-те тың және тыңайған жерлерді жұмыстайтын жаңадан 3 трактор отряды ұйымдастырылып, оның құрамында 10 трактор бригадасы жұмыс істейтін болады. Бұл күндері жаңадан құрылған трактор бригадаларына тракторлар мен тіркеу саймандары бекітіліп берілуде.

Техниканың өсуіне байланысты механизатор кадрлары МТС-ке көптеп қажет болады. Сондықтан біз 140 адамның МТС жанындағы тракторшылар даярлайтын күресте оқуын ұйымдастырдық. Күресте сабақ сапалы жүргізіледі. Бұдан басқа 20 адам механизация училищесінде оқын жүр.

Кәзір МТС қамтуындағы колхоздар үстіміздегі жылы жұмысталатын тың және тыңайған жерге қар тортатуды кенінен ұйымдастыруда. Бұл жұмыс, әсіресе, Молотов атындағы, «Берба за коммунизм» және «Совет» колхоздарында ойдағыдай жүргізіліп келеді.

Біз тың және тыңайған жерлерді егістікке пайдалану арқылы МТС қамтуындағы колхоздарда астықтың товарлы өнімін өткен жылғыдан екі есе ұлғайтамыз. Бұл — біздің МТС коллективінің бүгін таңдағы ең маңызды міндеттерінің бірі болып саналады.

А. БОРЗАКОВСКИЙ,
Совет МТС-нің бас агрономы.

Егін шығымдылығын арттыру үшін

Полудень ауданының кейбір колхоздары мен МТС-терінде тың жерді игеруге соңғы жылдарға дейін жете көңіл бөлінбей келді. Аудан колхоздарында игерілмей жатқан жаңа жер көлемі орасан мол бола тұрса да, ол пайдаланылмай жатты. Мұның өзін дақылдардан алынатын өнімнің көмуіне әкеліп соқты. Мәселен, өткен жылы Ворошилов атындағы, Киров атындағы колхоздар әрбір гектар егіс алаңынан 7—8 центнерден астам өнім тыйды. Ал жер

Мәдени-ағарту мекемелері сайлау науқаны кезінде

ССРО Жоғарғы Советінің сайлауын өткізу туралы ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы жарыққа шығуымен байланысты облыстық мәдениет басқармасы сайлауға әзірлік кезінде сайлаушылар арасында мәдени-бұқаралық жұмыстарын жүргізу жөнінде нақтылы шаралар белгілеп, деркесінде аудандық мәдениет бөлімдеріне жіберген болатын. Облысымыздың мәдени-ағарту мекемелері бұл шараларды жүзеге асыру жөнінде бірқатар жұмыстар жүргізді.

Облыстың көптеген мәдени-ағарту мекемелері сайлаушыларды мәдениетті қамту жұмыстарын күн санап өрістете түсуде. Қаубтарда, мәдениет үйлерінде, кітапханаларда, оқу үйлері мен қызыл мүйістерде «Советтік Конституцияның салтанаты» деген тақырыппен фотомонтаж, демалу правосы, оқу және еңбек ету правосы деген фотомонтаждар, біздің мемлекетіміздің өнеркәсіп, ауылшаруашылық саласында экономикалық және мәдени өркендеуі, Совет Одағындағы және буржуазиялық мемлекеттердегі сайлаулар деген тақырыпта — барлығы 218 фотомонтаж дайындалды, бүгінгі күннің тақырыбына 127 кітап көрмесі, 38 түсінік беретін стол ұйымдастырылды.

Облысымыздағы 246 мәдени-ағарту мекемесінің үйіне үгіт пункті орналасқан. Бұларда дауыстан газет, көркем әдебиеттер оқылады, әңгімелер өткізіледі, лекциялар оқылып, баяндамалар жасалады. Көркемөнершілердің күшімен сайлаушыларға көңерт беріледі және түрлі кинофильмдер көрсетіледі.

Сайлауға әзірлік басталғаннан бері сайлаушыларға арнап саяси, ауылшаруашылық және басқа да тақырыптарға 385 лекция оқылды, 127 баяндама жасалды. Көркемөнершілер сайлаушыларға 176 рет концерт берді.

Сайлаушылар арасында мәдени-ағарту жұмыстарын ұйымдастыру жөнінде, әсіресе, Соколов аудандық мәдениет үйінің жұмысы басқаларға үлгі боларлықтай. Мәдениет үйі кәзірдің өзінде сайлаушылармен екі рет тематикалық кеш өткізді. Оның ішінде ССРО Жоғарғы Советінің алдағы сайлауында тұңғыш рет дауыс беруге қатысатын жас сайлаушылармен бір тематикалық кеш өткізілді.

Осы аудандағы Калининка оқу үйі, Надежинск селолық клубы, Владимировка селолық кітапханасы сайлау алдындағы үгіт-бұқаралық және мәдени-ағарту жұмыстарының орталығына айналдырылған.

Владимировка селолық кітапханасы сайлау алдындағы көрнекті үгіт құралдарымен безендірілген. Жастарға арналған кеш өткізіліп, оларда «ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы туралы Ереже», мал қыстауды үлгілі өткізу туралы, шірінді құмыралар дайындау және қолхозда бақша шаруашылығын өркендету туралы әңгімелер өткізілді. Бұл әңгімелерді мал фермасының меңгерушісі Несин, колхоз агрономы Долженко жолдастар өткізді. Ал, мектеп директоры Дедов жолдас сайлаушыларға арнап «Женген социализмнің Конституциясы» деген тақырыпта лекция оқыды.

Мәдени-ағарту мекемелері сайлаушылар арасында саяси-бұқаралық, мәдени-ағарту жұмыстарын идеялық жоғары дәрежеде жүргізе отырып, еңбекшілерді СОКП Орталық Комитеті септябрь Пленумының қарарларын жүзеге асыру күресіне жұмылдыруда партия, совет ұйымдарына айтарлықтай көмек көрсетуде.

Преснов ауданындағы Благовещенка селолық кітапханасы, Молотов атындағы колхоздың клубы, Екатериновка оқу үйі, Баян ауылдық кітапханасы және басқа да көптеген мәдени-ағарту мекемелері Пленум қаулысын насихаттау, сайлаушыларды мәдениетті қамту жөнінде өздерінің жұмысын бүгін таңда мәдени-ағарту мекемелерінің алдына қойылып отырған міндеттер дәрежесіне сай ұйымдастырып отыр деуге болады.

Әрине, бұл фактілерден облысымыздың барлық мәдени-ағарту мекемелері өздерінің жұмысын осылай жақсы ұйымдастырып отыр деген ұғым тумайды. Бізде еңбекшілердің өскелең тілегінен кейін қалып келе жатқан мәдени-ағарту мекемелері жөк емес. Олай болса, аудандық мәдениет бөлімдері ССРО Жоғарғы Советінің сайлауына әзірлік күндерінде сайлаушыларды мәдениетті қамтып алмай отырған мәдени-ағарту мекемелеріне нақты көмек көрсетіп, олардың жұмысын бүгінгі күннің талабына сай ұйымдастырудың тиісті шараларын қарастырулары керек.

Үгіт-бұқаралық, мәдени-ағарту жұмыстарының идеялық дәрежесін арттырып, ССРО Жоғарғы Советіне депутаттыққа кандидаттарды жақтаған үгітті кенінен өрістете жүргізуде партия ұйымдары нақты көмек көрсету — мәдени-ағарту мекемелері қызметкерлерінің абройлы міндеті.

А. ОВЧИННИКОВ,
Облыстық мәдениет басқармасы бастығының орынбасары.

Чехословакия халықтарының февраль жеңісінің алты жылдығы

ПРАГА, 25 февраль. (СОТА). Бүгін Прага мен бүкіл ел мейрамындағыдай тұрға енді. Бұдан 6 жыл бұрын — 1948 жылғы 25 февралда Чехословакияның еңбекші халқы буржуазиялық партиялардың министр-басшылары мен бұрынғы президент Бенеш басқарған реакцияның қаскүнемдігін талқандап, тарихи жеңіске жеткен болатын. Республиканың жұмысшы табы шаруалармен

ма жойылып, өнеркәсіп пен азық-түлік товарларының мемлекеттік бөлшек сауда бағасы екі рет кемітілді. Осының нәтижесінде өнеркәсіптегі жұмысшылардың нақтылы жалақысы 1953 жылдың аяғында, жылдың басындағымен салыстырғанда, 9 процент артты. Бесжылдықтың ішінде еңбекшілерге 130 мың жаңа пәтер берілді.

Бығылғы жылы азық-түлік пен өнер-

Тың және тыңайған жерлерді игеруге баратын Москва қаласы мен Москва облысының және Алматы қаласының комсомолдері мен жастарының жыйналыстарына қатысушылардың үндеулерін Петропавл қаласының өнеркәсіп орындарының комсомолдері мен жастары қызу қуаттауда. Солардың бірі — қаладағы кино жөндеу мастеркопийның слесарі М. Мухамедиев жолдас. Қалалық комсомол комитетіне жазған өтінішінде ол былай дейді:

—Партия мен үкметіміз совет халқы алдына тың және тыңайған жерлерді игеру міндетін қойып отыр. Бұл міндетті мүлтіксіз жүзеге асыру үшін техниканы өнімді пайдалана алатын маман механикатор кадрлары қажет. Сондықтан да мені тракторшылар даярлайтын курске жіберуіңізді сұраймын.

Комсомолдің өтініші қанағаттандырылып, ол тракторшылар курсына баратын болды.

М. ӘЛИЕВ.

Озат тәжірибе—көпке ортақ

Біздің қозы өсірудегі тәжірибеміз

Біздің совхоздың озат шопандарының көп жылғы тәжірибелері облысымыздың ауа райының өзгешелігін еске ала отырып, қой қоздату маусымын февраль, март айларында өткізудің тиімді болатынын көрсетіп келеді. Осы тәжірибеге сүйене отырып, біз өткен жылы қой шағылыстыру науқанын 2 септібрыден 6 ноябрьге дейінгі мерзім ішінде өткіздік.

Өткен күзде совхозда 918 саулық қолдан ұрықтандырылды. Егер қойларды ұрықтандыруды үздіксіз жүргізе берсек, онда февраль, март айларында олар жаппай қоздайтын болады. Ал, ферманың ішкі жағдайы, әсіресе, қозылар тұратын орындарымыз жаппай алынған қозылар санына сәйкес келмейтін болды. Мұның өзі қозыларды күтіп, бағудың қиыншылығын туғызар еді. Біз осы жағдайды еске ала отырып, септібры айы ішінде 300 саулықты ұрықтандырудан кейін октябрың басында 12 күн үзіліс жасадық. Бұлай еткенде, бізде февраль айында 300 қой қоздайтын болады. Ерте туған қозылар маркады. Мұның өзі марка қозыларды жаңа туған қозылардан ажыратуымызға мүмкіншілік береді. Осылай еткен соң бізде енді алынатын қозыларды күтіп, бағуға төл үйлері жеткілікті болатын болды.

Бәзір қой жаппай қоздай бастады. 18 февральға дейін 119 қой қоздап, олардан 138 қозы алынды. Алынған қозылар шығынсыз өсірілуде. Шопандар күн сайын неше қой қоздайтынын және 1 мартқа дейін тағы да 180 қой қоздайтынын жақсы біледі. Бұл шопандардың, қозы күтушілердің алынатын қозыларды қабылдап, аман өсіруге күнбе-күн әзірленуіне жағдай туғызып отыр. Біздің фермада

тең алтыға дейін шыңжыр тағанды тракторлар мен екі-үш комбайн бекітіледі. Демек, ауылшаруашылық машиналары мен тіркеу саймандары бригаданың атқаратын жұмыс көлеміне қарай беріледі.

Бригаданың құрамына: бригадир, бригадирдің көмекшісі, есепші-май құюшы, әрбір тракторға екі тракторшы, екі смеңалық тіркеушілер, май және су тасушылар, ас пісіруші, күзетші кіреді. Бригадалардың құрамы жұмыста тәжірибесі мол және техниканы жақсы білетін МТС штатындағы адамдардан және алдыңғы қатарлы колхозшылардан толықтырылады. Бригада мүшелерінің құрамы көктемді дала жұмыстары басталмастан бір ай бұрын МТС директорының бұйрығымен бекітілуде тиіс.

Бүдеш басқа бригадада жылжымалы бір вагон -үй, май құятын, су тасыйтын арба, МТС-пен байланыс жасайтын радиостанция, радиоқабылдағыш, әрбір адамға бір комплекті төсек-орын, жанармай құятын 3 кристерна және 10 бөшке, май құятын шелектер, 1 сағат, өртке

егін шығымдылығы жөніндегі жоспардың орындалуын, өнімнің өзіндік құны кем бедуын ұйымдастырады. Олар тракторлармен атқарылатын жұмыстың агротехникалық ережелерге сай болуына жетісуге тиіс.

Облысымызда тың және тыңайған жерлерді игеруге партиямыз бен үкметіміз күнбе-күн көмек көрсетіп келеді. Бәзірдің өзінде МТС-терге көптеген тракторлар мен тіркеу саймандары келе бастады.

МТС-тер мен колхоздардың басшыларының міндеттері — тың және тыңайған жерлерді жұмыстайтын арнаулы трактор отрядтары мен бригадаларын ұйымдастыру ісіне жете назар аудару, бұл істе механикатор кадрларды іс тәжірибелері мен қабілеттілігіне қарай іріктеп алу болып саналады. Трактор отрядтары мен бригадаларды қолынан іс келетін кадрлармен толықтырған уақытта ғана олардан жемісті еңбек күте аламыз.

И. БЫБА,

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының аға инженері.

жер игерудің маңыздылығын түсінген Сталин атындағы колхоздың мүшелері өткен жылы 260 гектар тың жерге егілген егістіктің әрбір гектарынан 18 центнерден өнім алды.

Быйылғы жылы Полудень ауданының колхоздары алдында 10 мың гектар тың және тыңайған жер игеру міндеті тұр. Бұл міндетті ойдағыдай орындау үшін күш-мүмкіншіліктер жеткілікті. Аудан МТС-тері жаңадан көптеген қуатты тракторларды және тіркеу саймандарын алуда. Тың жерді игеру үшін жаңадан 8 трактор бригадасы мен 2 трактор отряды ұйымдастырылады. Күрделі техника қуатын сарқа пайдалану үшін маман механикатор кадрларын даярлау керек екендігі мәлім. Осы мақсатпен қазірде 78 адам тракторшылар курсына оқып жүр. Бірақ, тракторшылар саны әлі де болса жеткіліксіз. Тракторшыларды көптеп даярлауға жете назар аудару отырып, есепшілер, тіркеушілер, май құюшылардың да өз істерін толық білулеріне жетісуге қажет.

А. КАРПЕНКО.

дыратын орын, концентрат азықтарын салып беретін ыдыс үнемі таза болады. Тәулік бойына берілетін азықтың мүмкіншілігіне қарай әртүрлі болуын күнбе-күн ескеріп отырамыз. Қойға жем беретін орындарға қойылған есексез тұз бар. Оларды қойлар керегіне жалап, ащылайды. Қоңдылығы төмен қойлар бөлек орындарда ерекше күтіледі.

Мұның өзі саулықтардың қоздау маусымына қоңды келуін қамтамасыз етіп отыр. Ал, қоңдылығы жақсы саулықтардан алынатын қозылардың дені сау болатындығы мәлім. Міне, сондықтан да алынған қозылар февраль айындағы қатты суықтардың болуына қарамастан шығынсыз өсіп келеді.

Қозыларды шығынсыз өсіру — оларды күтіп, азықтандырудың зоотехникалық ережелерін дұрыс сақтауға байланысты. Біз қозы күтуге бұл істе тәжірибесі бар адамдарды бөлдтік. Оларға озат тәжірибелер мен зоотехникалық ғылымның жаңалықтарын үнемі үйрету арқылы көмектесіп отырамыз. Жас қозыларды күтіп бағуда пәсіздікке жол бермеуді ферманың коллективі өздерінің басты міндеттерінің бірі деп есептейді.

Бейбір саулықтардың өз қозыларын сүтке жарытпауы да тәжірибеде кездесіп жүр. Мұны біз ерекше бақылап отырамыз. Мұндай жағдай байқалса қалғанда, біз құнары аз саулықтардың қозыларына сүтті мол саулықтарды емізуді ұйымдастырамыз.

Қозыларды пішенмен азықтана бастағанда-ақ, оларға пішеннің ең құнарлысын тандап беруді үнемі қадағалаймыз.

Қой жаппай қоздап, қозы көбейгенде оларды енесінің сүтімен қоректендіруді дұрыс ұйымдастыру қажет болады. Қозыларға енесін емізу кезінде, уақытты үнемдеу үшін қозы тұратын үйге 40—50 саулықты бір-ақ енгізіп жіберу көп

фермалардың өмірінде жиі кездесіп отыратын жағдай. Бұлай еткенде жас қозы өзінің енесін таба алмай қалуы да мүмкін. Ал, өзінің қозысына бірнеше сағат бойы кездеспеген саулық оны қабыл алмай қояды. Сөйтіп, жас қозы сүт емуден қағылып қалады. Мұның өзі қозының дұрыс өсіп жетілуіне кері әсерін тигізеді. Осындай жағдайды болдырмау үшін біздің қозы күтушілері әрбір қозының өз енесіне жиі кездесіп, емуіне ерекше назар аударайды. Қозы емер алдында енесінің желінінің, емшектерінің таза болуын қадағалап отырады.

Бұл айтылғандардың бәрінен біздің ферманың мал қыстау жұмыстарында кемшіліктер жоқ деген ұғым тұмайды. Бізде даладағы пішен әлі күнге дейін қой қоралары жанына тегіс тасылып алынған жоқ. Жас қозылар тұратын үйлеріміз, мал төдейтін орындарымыз өте тар. Бұл кемшіліктер шопандардың қойлар мен қозыларды күтіп бағуына кері әсер етіп отырғанын айтпауға болмайды.

Біздің қой фермасының коллективі СОКП Орталық Комитетінің барлық сайлаушыларға арнаған үндеуіне, совхоздар қызметкерлерінің СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советі шақырған Бүкілодақтық кеңесіне қатысушылардың үндеуіне жауап беру үшін әрбір саулықтан бір қозы алып, оны аман өсіруге, қой басын өсірудің жылдық жоспарын 10 процент асыра орындауға, әрбір қойдан кемінде 3,3 килограмм жүн кыркуға міндеттеме алды. Қозы күтуші Елена Коваленко мен Анна Мирвода жолдастар өз қарауларындағы қозылардың бірде-бірін шығынға ұшыратпауға міндеттеніп, өзара социалистік жарысқа түсті.

Бізде бұл міндеттемелерімізді аброймен орындауға қажетті мүмкіншіліктер бар.

Ө. ЖАНПЕЙСОВ,

Қыялы совхозының аға зоотехнигі.

АҒЫЛШЫН ҚАУЫМДАР ПАЛАТАСЫНДА ЧЕРЧИЛЛДІҢ СӨЗІ

ЛОНДОН, 26 февраль. (СОТА). Рейтер агенттігінің берген хабарына қарағанда, кеше Берлин кеңесі туралы мәселе бойынша жарысөзде қауымдар палатасында премьер-министр Черчилль сөз сөйлеп, Берлин кеңесі «өте көрнекті кеңес» болды; «ол осыған ұқсас кеңестердің беделін қалпына келтірді» және «сөзсіз немесе апатқа ұшыраған кеңес болған жоқ» деп мәлімдеген.

Черчилль Женевада болатын кеңесті «Берлин келіссөздерінің көрнекті және үміттендіретін нәтижесі» болып табылады деп атаған. Ол «Берлин кеңесінен де көп жемісті нәтижелер беруге Женева кеңесінің көп мүмкіншіліктері бар» деген.

СИРИЯДАҒЫ ЖАҒДАЙ

БЕЙРУТ, 26 февраль. (СОТА). Бейрут радиосының және барлық Ливан баспасөзінің хабарлауы бойынша, өткен түні Сирия республикасының президенті генерал Шинекли Сирияның Солтүстік аудандарында көтеріліс жасаған әскерлердің талабы бойынша орнынан түскен. Баспасөз жергілікті жерлерге орналасқан, атап айтқанда Алеппо, Хомс, Дейр-эз-Зор аудандарына орналасқан Сирия армиясы әскерлерінің командованнесі Алеппо радиостанциясы арқылы

қосп-товарларының бағасы жаңадан кеміту шарасы белгіленіп отыр.

Бүгін бүкіл орталық баспасөз басмақалалары мен арнаулы мақалаларын февраль жеңісінің 6 жылдығына арнаған. «Рудэраво» газеті басмақалада былай деп жазады: «Коммунистік партия мен бірлікте біздің халқымыз көптеген табыстарға жетті. Біз жемісті күш-жігерімізді өрістете отырып, партияның басшылығымен алға қарай қардам баса береміз. Еңбектегі өрлеу және социалистік жарысты өрістету жағдайында әзірлік жүргізіліп отырған екі есе артты, ал, өндіріс құрал-жабдықтарын өндіру 2,1 есе артты. Республикада 1953 жылы 54,6 миллион тонна көмір шығарылды, 4,3 миллион болат қорытылды, 12,5 миллиард киловатт-сағат электр қуаты өндірілді.

Коммунистік партия еңбекшілердің материалдық және мәдени дәрежесін арттыруға тынбастан қамқорлық жасап келеді. 1953 жылы карточкалы система

Черчилль Батыс Германияны қаруландыру бағытын жақтап сөйлеген. Ол «батыс державалардың соғыс әзірліктерін» «бейбітшілікке апаратын жол» деп көрсетіп, мұнан әрі де осы саясатты жүргізуге шақырған.

Премьер-министр саудадағы қоюшылықты (Америка Құрама Штаттары орнатып, өзінің одақтасарына ыңпен таңғандығы мәлім.—Ред) бәсеңдету «талассыз игілікті болар еді» деп мәлімдеп, Совет Одағы және халықтық демократия елдерімен сауданы кеңейтуді жақтаған.

Черчилль Англия бұл мәселені Құрама Штаттардың алдында көтереді деген.

Шинеклиге төмендегідей ультиматум жібергеннен кейін Шинеклидің орнынан түсуі туралы қарарды талап еткен:

«Орныңыздан түсу үшін кешкі сағат 6-ға дейін уақытыңыз бар. Осы уақыт өткеннен кейін Сіз сотқа берілетін боласыз».

Шинекли түнде Сирия жерінен шығып кеткен.

Редактор Г. МУХАМЕДЖАНОВ.



«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ОРЫС БАЛЕТІНІҢ ШЕБЕРЛЕРІ»

Сеанстар сағат 4,30-6,30-8,10-10-да басталады.

«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ОҚЫТУШЫ»

Сеанстар сағат 6,30-8,30-10,30-да басталады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.